

# Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті

«БЕКІТЕМІН»

Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ-дің  
ректоры \_\_\_\_\_ С.С.Құнанбаева

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2020 ж.

## Тілдер мерекесіне орай Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған «Ұлы Абай және рухани мәдениет» атты онлайн олимпиаданың ЕРЕЖЕСІ

Құрметті әріптестер және білімгерлер! Қазақ филологиясы кафедрасы мен Рухани жаңғыру қоғамдық даму орталығы Тілдер мерекесіне орай Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған «Ұлы Абай және рухани мәдениет» атты онлайн олимпиада өткізеді.

Ұлы Абай – қазақ халқының руханияты мен мәдениетінің символы. Халықтың рухани жаңғыруы Абай ілімімен тығыз байланысты, ал даналығы қазіргі заманмен үндес. Абай шығармашылығымен танысу сананы оятып, ойға ой қосады, жаңа көңіл күй мен сезімге бөлейді, асыл армандарға жетелейді, өзінді өзін талдап тазаруға итермелейді.

Осы ереже олимпиаданы ұйымдастыру, өткізу тәртібін және қатысушыларға қойылатын талаптарды анықтайды және бекітеді. Жеңімпаздарды анықтау және оларды марапаттау тәртібін реттейді. Олимпиадаға қазақ тілі пәнін оқитын өзге тілді 1 курс білімгерлері қатыса алады.

### Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері:

**Мақсаты:** Абай даналығы – рухани мәдениетіміздің қайнар көзі екендігін білімгерлерге ашу және білімгердің өзін-өзі жетілдіруге жағдайлар туғызу.

### Міндеттері:

- Ұлы Абайдың шығармалары арқылы білімгерлердің мемлекетшіл, патриоттық жаңа буынын қалыптастыру;
- қатысушылардың кәсіби-тұлғалық әлеуетін, өзіндік санасы, шығармашылық қабілеттерін ашу, өзін жүзеге асыруы мен өзіндік бекуі үшін жағдайлар туғызу;
- білімгердің рухани дамуын қалыптастырудағы Абай шығармашылығының маңызын дәлелдеу;
- болашақ ұрпақтың өн бойына рухани азықты сіңіруін арттыру, қатысушылардың Абайдың шығармалары арқылы қазақ тілін оқып үйренуге ынтасын арттыруға ықпал ету;
- болашақ мамандардың азаматтық позициясын, көшбасшылық қасиеттерін тәрбиелеу.

### Олимпиаданы ұйымдастыру комитеті

Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті, сараптау кеңесі құрылады. Ұйымдастыру комитеті олимпиадаға ұсынылатын материалдардың формасын белгілейді, сараптау кеңесінің жұмысын ұйымдастырады.

### Олимпиадаға қатысушылар

Қазақ тілі пәнін оқитын өзге тілді 1 курс білімгерлері.

### Олимпиаданы өткізудің реті мен уақыты, байқау материалдарын ұсыну кезеңі

Олимпиада екі кезеңнен тұрады.

1 – кезең. «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы ерінбе...» кезеңінде білімгерлер Абай өлеңдерін жатқа айтулары тиіс. Олимпиаданың бірінші кезеңін қазақ филологиясы кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы өз топтарында онлайн форматта өткізеді,

нәтижесі мен жеңімпаздардың тізімін 2020 жылдың 14 қазанына дейін электрондық поштаға жібереді: [bayan-kanatovna@mail.ru](mailto:bayan-kanatovna@mail.ru); [hamimuldinova.1@gmail.com](mailto:hamimuldinova.1@gmail.com)  
2 – кезеңге іріктеуден өткен жеңімпаздар «Ұлы Абай және жаңа заман» тақырыбында бейнежазба дайындайды және оны 2020 жылдың 16 қазанына дейін электрондық поштаға жіберу қажет: [prof.esenaliyeva@mail.ru](mailto:prof.esenaliyeva@mail.ru); [lyazzat.ermaganbetova@mail.ru](mailto:lyazzat.ermaganbetova@mail.ru); [khadisha\\_z@mail.ru](mailto:khadisha_z@mail.ru); [nurmysheva75@mail.ru](mailto:nurmysheva75@mail.ru); [aldiyar-1976@mail.ru](mailto:aldiyar-1976@mail.ru).

Бейнежазба 2020 жылдың 20 қазанында әділқазылар алқасына жіберіледі.

Білімгер бейнежазбаны 2020 жылдың 23 қазанында сағат 11.00-де қорғайды. 2020 жылдың 23 қазанында әділқазылар алқасы олимпиаданың қорытындысын шығарады және нәтижесін жариялайды.

Олимпиаданың қорытындысы бойынша жүлде алған білімгерлер марапатталады.

#### **Олимпиада материалдарына қойылатын талаптар:**

##### **I кезеңге қойылатын талаптар:**

- Абай өлеңдерін нақышына келтіріп, мәнерлеп айту;
- тілдік заңдылықтарды сақтай отырып өлеңді оқуын бағалау.

##### **II кезеңге қойылатын талап:**

- білімгерлер «Ұлы Абай және рухани мәдениет» тақырыбында 3 минуттан аспайтын бейнежазба ұсынады.

#### **Бейнежазбаны бағалау өлшемдері (0-5 балға дейін):**

- бейнежазба олимпиада тақырыбына сәйкес келуі;
- бейнежазба олимпиаданың мақсат-міндеттеріне сай болуы;
- бейнежазба идеясы мазмұндық тұрғыдан көрініс берілуі;
- бейнежазбаның тұтастығы мен бірігейлігі, оның айқын бейнеленуі және тілінің анықтылығы;
- бейнежазбаның мазмұны, музыкалық үйлесімділігі;
- дауыстық сүйемелдеудің сапасы ескерілуі тиіс.

#### **Олимпиада материалдарын сараптау:**

Әділқазылар алқасы ұсынылған бейнежазбаларды сараптамалық бағалаудан өткізіп, олимпиаданың жеңімпаздарын анықтайды.

Олимпиаданың қорытындысы фейсбук парақшасында, <https://www.ablaikhan.kz/> сайтының жаңалықтар жолағына орналастырылады және университеттің «Тіл әлемі» газетінде жарияланады.

#### **Олимпиада жеңімпаздарын марапаттау:**

Жеңімпаздар бейнежазбаға сараптамалық бағалау нәтижесін талқылау бойынша анықталады. Жеңімпаздарға бас жүлде, 1-, 2-, 3- орын беріледі. Жеңімпаздар мақтау қағаздарымен, алғыс хаттармен және түрлі сыйлықтармен марапатталады. Олимпиада аясында номинация иегерлері анықталады.


Онлайн – олимпиадаға қатысты ақпаратты қазақ филологиясы кафедрасынан аласыздар.

#### **Жауаптылар:**

Аққожина Баян Қанатқызы, байланыс телефоны: 87012373572, [bayan-kanatovna@mail.ru](mailto:bayan-kanatovna@mail.ru); Хамимұльдинова Ләйлә Жексенқызы, байланыс телефоны: 87023404910, [lyailya\\_66@mail.ru](mailto:lyailya_66@mail.ru).

Кафедра меңгерушісі

Рухани жаңғыру қоғамдық даму  
орталығының жетекшісі



Қоңырова А.Т.

Сержанов Б.Е.